

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қызметі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 6 сәуір N 1168

"Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қызметін қамтамасыз ету мақсатында
қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 260 қаулысымен бекітілген "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қызметіне қатысты келісімдер мен шарттар мақұлдансын, онда атап айтқанда:

- "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының шетелдік банктерде шоттар ашуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және тиісті республикалық органдардың мұрсатнамасымен одан тысқары жерлерде еркін айналыстағы валютамен жасалатын операцияларды жүзеге асыруы; см. V032657

— "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнының қол жеткен келісімдерге сәйкес көмірсутегін және осы кәсіпорынның көмірсутегі өнімдерін кедергісіз экспортқа шығару құқығын жүзеге асыруы көзделген.

2. Қол қойылған келісімдер мен осы Жарлықтың шарттарын өзгерту Қазақстан Республикасы мен "Шеврон" корпорациясы арасындағы жазбаша түрдегі келісімнің негізінде ғана мүмкін екені еске алынсын.

3. Бірлескен кәсіпорын жұмыс істейтін бүкіл мерзімнің ішінде өнім өндіру құқы үшін есеп айырысу мен төлемдер жасаудың, пайдаға салынатын салықтың, қосылған құнға салынатын салықтың және тиісті Келісім арқылы анықталған басқа да міндетті төлемдердің белгіленген тетігі сақталсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті пайдалы қазбалар бойынша республика Үкіметі жасасатын контрактілерге сәйкес Қазақстан Республикасының заң актілеріне шетел инвестицияларын тиімділікпен тартуды қамтамасыз ететін толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне тапсырсын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т і*